



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

мүмкін. Діни ұйымдарға, мемлекетке, басқа да бейтарап ұстанымдағы азаматтарға қарсы дінсіз, имансыз, бидғатшыл, адасқан, т.б. ұғымдарды қолдану осы топтарғылардың ішінен жиі кездеседі.

4. Дінге селқос қарайтындар немесе қазірге дейін діни бағдар қалыптастыруды ойламағандар. Бұл топтағылар 2-3 топтағылардың қатарын көбейтіп отырады[4].

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы оныншы қара сөзінде дінге қатысты пікірін былай білдірген: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды дейді» [5]. Бұл мәселеге қатысты ислам дінінің қасиетті кітабы Құранда былай дейді: «Олардың көпшілігі ғылымсыздықтан құмарлықпен және әуестікпен (халықты) тура жолдан тайдырып адастырады» (Әнғам, 119) [6]. Сондықтан бүгінгі күнде шектен шыққан діндарлық пен діни фанатизмнен туындаған зардаптар, келеңсіз оқиғалардың барлығы сол дінге ғылымсыз, парасатсыз келгендіктен, діни сауатсыздықтан болып отырғаны анық. Өйткені, қазіргі қоғам мүшелері дінді тек біржақты ғана қолданады немесе түсінеді. Оның ғылыми мәнін, тәрбие құралы ретіндегі орнын парасаттылықпен қабылдауға, қабылдануға азаматтардың да, діндарлардың да, дін мамандарының да өресі жетпей тұр. Бұл, әсіресе, радикалды көзқарастағы діншілдерде анық байқалады. Жалпы ислам әлемінің құлдырауының немесе артта қалуының астарында діннің қабығына ғана жармасу қателігі тұр десек қателеспейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы, «Жазушы». 1988. – 113 б.
2. Қожа Ахмед Йасауи. Хикмет жинақ. – Алматы, «Жалын». 1998. – 107 б.
3. Мехмет Топламжыюғлы. Яшлара гөре дини яшайышын шиддет ве кесафети үзерине бир анкет денемеси. – Анкара, 1962. – 145 б.
4. К.Тышқан. Қазақстандағы діндарлық көрінісі және оның қалыптасу жолдары. – Астана, 2017 – 11 б.
5. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы, 2007. – 160 б.
6. Порохова В. Коран. – Дамаск, 2005. – с. 754.

УДК 130.2

ОРИЕНТАЛИЗМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Оянған Бердібек

beka1986@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығы

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Тышхан К.

Ориентализм – Шығыс деп аталған Азия және ішінара Африка (негізінен Солтүстік Африка) елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, діндерін, әдебиетін, этнологиясын, өнерін, философиясын, мәдениетінің материалдық және рухани ескерткіштерін кешенді түрде зерттеуге бағытталған батыстық зерттеуші немесе батыстық зерттеу орталықтарына берілген ортақ есім. Ориентализм сөзі латын тілінде күннің шығатын жері мағынасындағы «*oriens*» сөзінен алынған.

Ориентализм термині батыста XVIII ғасырда термин болып қалыптасқанымен шығыс жөніндегі алғашқы деректер ежелгі грек авторларының еңбектерінде де келтірілген. Ориентализм терминін тар мағынада алып қарасақ тек Ислам, Мұсылмандар жайлы зерттеу жүргізушілерге тән термин. Мұсылман емес бірақта, Ислам дінінің қайнар көздерін зерттейтін адамға да ориенталист делінеді. Ориентализмның Исламмен байланысты даму

сатысы еш күмәнсіз Батыс христиан мәдениетімен шығыс Ислам мәдениетінің қақтығысы нәтижесінде пайда болды.

Ислам діні тарих сахнасына шықпастан алдын Христиан дінінің еш бір қарсыласы жоқ еді. Әлемнің алып державасы болған Шығыс Рим және Батыс Рим мемлекеттерінің сенімі христиан дінінде еді. Азғантай уақыттың ішінде Исламның кеңінен жайылып, Византияның қарамағындағы көптеген жерлердің Мұсылмандардың қол астына өтуі, атап айтсақ: Құдыс, Стамбул(Константинополь) Испанияның алынуы Батыс елдерін, Христиан дін адамдарын бей-жай қалдырған жоқ. Өз сенімдерін қорғау, қасиетті мекендерді қайтару, христиан сеніміндегі халықты қорғау мақсатында христиан дін адамдарының ұйымдастыруымен крест жорықтары басталды. Тарихта асқан жауыздықпен мұсылмандарды қырып, қандарын судай ағызған көптеген крест жорықтары орын алды. Алайда бұл жорықтар Мұсылмандардың сенімін, дініне деген беріктіктеріне нұқсан келтіре алған жоқ. Жорықтар нәтиже бермеген соң христиан дін адамдары дұшпаны санаған мұсылмандардың дінін зерттеу, оны масқаралау, әлсіз тұстарын табу, мақсатында зерттеулер жүргізіп арабшадан латыншаға аударма ісін бастады. Мысалы: Силвестр II деген атпен танымал болған Герберт Орильях (940-1003) есімді поп араб тілін үйреніп Исламды зерттеу үшін Андалусияға барған. Севилья, Кордова университеттерінен тәлім алады. Өз дәуірінде батыстағы араб тілін, математиканы, астрономияны ең жетік білген адамдардың қатарында болды.

Сол дәуірде батыста Ислам діні жайлы, Мұхаммед Пайғамбар жайлы, Мұсылмандар жайлы жалған пікірлер, негізсіз жалалар таратыла бастады.

Мысалы, Ислам діні жалған дін, Ислам қылыш діні, Ислам дөрекі дін, Мұхаммед тажал, өтірікші, сиқыршы деген сияқты негізсіз ақпараттар христиан дін адамдары тарапынан халыққа таралды.

Крест жорықтары нәтижесінде батыстықтар мұсылмандардың қол жеткізген өркениеті, ғылыми жаңалықтарымен танысты. Бұл Шығысты танып білуге деген құштарлықтарын арттыра түсті және мұсылмандардың қол жеткізген өркениетінен пайданалуды көздеді. Нәтижеде Құран Кәрім алғаш 1143 жылы латын тіліне аударылды. Европаның көптеген оқу орындарында араб тілі оқытыла бастады, аударма қолға алынды, жүйелі түрде шығысты бүге-шігесіне дейін зерттеу басталды.

XVI ғасырдағы реформация нәтижесінде Европа мемлекеттері күшейіп Азияны, Африканы отарлай бастады. Бұл уақытта мұсылмандардың тізгінін қолда ұстаған Осман халифатының әлсіреп бастаған кезі еді. Азия, Африка құрлығының тұрғындарының басым көпшілігі мұсылмандар еді. Отарлауға қарсы мұсылмандар тарапынан қарсылықтар басталды. Отарлау саясаты оңай іске аса қоймады. Осы кезден бастап ориентализмның жаңа дәуірі басталды. Христиан ілімімен сусындаған ориенталисттер сахнаға шықты. Олар Ислам дінінің қайнар көздерін Құран және Хадистерді зерттеп аударып, Ислами ілімдерді зерделеп мұсылмандардың сеніміне күмән салып, жік-жікке бөліп отарлауды тезірек іске асыру мақсатында жұмыс жасады. Отарлаушылармен бірге миссионерлік басталды. Соғыс арқылы жеңе алмаған мұсылман елдерін ішінен іріп-шіріту, дінінен алыстату нәтижеде шоқындыру мақсат етілді. Яғни отарлаушы елдер мақсаттарына жету үшін ориенталистерді пайдаланды. Бұл да көріністе отарлау болғанымен, түп негізі крест жорықтарының жалғасы еді. Мұсылман елдерін басып алып отарлау батыстықтарға тағыда бір дәме туғызды. Ол - отарланған жерлерді иемденіп жер үсті, жер асты байлықтарына ие болу еді.

Ориентализм мен миссионерлік жұмыстар христиандардың рухани орталығы Ватикан арқылы басқарылды. Ватикан 1593-1608 жылдар аралығында Португалия мен Испания корольдеріне жаңадан отарланып жатқан жерлердің барлығына миссионерлерді жіберуге бұйрық берген. Сонымен қатар Парижде миссионерлерді дайындайтын оқу-орындар ашылды. Бұл оқу орындарын шіркеу қаражаттарып отырған. Үкімет пен шіркеу иық тірестіре отырып жұмыс атқарды. 1691 жылы Франция патшасы Луиз XIV миссионерлермен ориенталисттерге шығыстың жазба еңбектерін жинап әкелуге тапсырма берді және Парижде арнайы баспахана салдырды.

Ориентализмның тарих бойынша дамып өркендеуін тек бір себепке негіздеп шектеу мүмкін емес. Ориентализм шығысқа бағытталған күйде:

а) діни б) отаршылдық в) экономиканылық д) саяси үстемдік г) ғылыми зерттеулер себеп бола отырып дамыды.

Ориентализмді әркім әрқалай түсінеді, сол себептен ол туралы әрқилы көзқарастар бар. Мұның себебі ориенталисттердің басты мақсаттарын жасыруы және Ислам мәдениетінен пайдалана отырып оны жамандауы, сынауы, Ислам діні жайлы жалған пікірлер таратуы.

Негізінде ориенталисттердің еңбектерінде Исламға деген жағымсыз көзқарас білініп тұрады. Осы себептен мұсылман елдерінде ориенталисттерге деген сенімсіздік пен күмән және жақтырмаушылық қалыптасқан. Ориентализмның қалыптасуы, өркендеуі және зерттеу әдістері бұл түсініктің рас екендігін дәлелдейді. Мысалы, Игнац Гольдциердің Хадис жайындағы зерттеулері, Гвиберт де Ногенттің Ислам тарихы еңбегі, Жозеф Саачтың Ислам құқығы жайында жазған еңбектері, Гибтің еңбектері Исламды тек жаман жағынан көрсету мақсатында жазылған еңбектер және ориентализмның алғаш басталу тарихының мақсатын тағыда нақтылай түскендей. Бұл еңбектер әлі күнге дейін әлемнің Ислам зерттеу оқу орындарында оқытылатын негізгі оқулықтар болып табылады. Яғни ориенталисттер Исламды зерттеуде объективтілікті емес керісінше өз сенімдерімен біте қалыптасқан Исламға деген өшпенділіктері арқылы зерттеу жүргізген десек артық айтқан болмаймыз.

Мұсылман ғалымдары ориенталисттердің зерттеулері объективті емес. Құран, Хадис жайында жасалған көптеген зерттеулерде ориенталисттердің шынайы нәтижелерге жеткізуге жол бермейтін әдіснамалық қателері орын алып отырды дейді. Дәлірек айтқанда, Ислами еңбектерді талдаулар көбінесе материалды-позитивтік пайым тұрғысынан жасалды, бұл өз кезегінде Ислами ілімдерді дұрыс ұғынуға мүмкіндік бермейді және ислам дүниетанымын объективті түрде түсіндіріп бере алмайды, себебі материалды-позитивтік көзқарас Ислами ғылымдар жүйесіне қарағанда мүлдем өзгеше әдіснамаға негізделеді деген пікірді алға тартады.

Мұсылман ғалымдардың пікірінше ориентализмнің әдістемесі қате. Себебі ориенталистік түсінік Шығыс пен Батыс арасында онтологиялық қайшылық бар дегенді еш тартыссыз қабылдайтын аксиомалық ұстанымға негізделеді. Сондай ақ бұл түсінік Шығыстың образдарын, негізінен, қиялдан жасайды және бұл образдар әдетте Батысқа тиесілі жағымды образдарға қарама қайшы сипатқа ие болып келеді.

Ориентализмнің Шығыс жайында образдарына қатысты түсінікті үш топқа жинақтауға болады:

1) Шығыс – «деспотикалық» яғни шығыс халықтары, қоғамы (әсіресе шығыстың ер адамы) қатыгез, қанышер болып келеді («шығыс деспотизмы» мен «Ислам қылыш діні»;

2) Шығыс – «экзотикалық» яғни шығыс халықтары, қоғамдары таңғажайып, тылсым дүние;

3) Шығыс – «нәпсіқұмар» яғни шығыс халықтары, қоғамдары сезімдердің жетегінде кеткен, шығыс әйелі сенсуализацияланады (мысалы гарем, шығыс биі жайындағы мифтер осылайша ойдан шығарылған)

Осы орайда Боснияның президенті болған Алия Иззетбегович: «Жануарлар әлемінде жейтіндер және желінушілер бар. Сол секілді адамдар әлемінде танытушылар және танылушылар бар» - дейді.

Қазіргі күнімізде батыс әдебиетінде, көркемөнерінде, медиасында осы образдар жоқ деп айта алмаймыз. Біздің санамызға осы ориенталистік сипаттағы образдар кірген. Біз «өзімізге өз төл дүниетанымымызбен», өз призмамызбен қараймыз ба? Әлде біз өзімізді «бізге сырттай таңылған көзқарастар мен образдар» арқылы көреміз бе?

Біздің қоғамда кейбір адамдардың өз халқына, өз тарихына, ана тіліне әсіресе Ислам дініне, Мұсылмандарға, Араб халқына және Осман халифатына(түріктерге) қарсы жаңсақ пікірлер, ұнатпаушылық көзқараста болуының негізгі себебінің бірі ориенталистік негіздегі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың, классикалық батыс әдебиетінің(әсіресе орыс ориенталистикасының) әсері ерекше. Алайда, сонғы жылдары Батыс елдерінде батыстық

негіздегі гуманитарлық ғылымдардың біржақтылығын, ориенталистік негіздегі стереотиптік призмасын сынайтын, балама, альтернативті көзқарастар, түсініктер, ұстанымдарға негізделген еңбектер де көптеп шығып жатқаны үміт күттіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ю.Булут «Ориентализмын қыса тарихы», Ыстанбул-2004, 3-6 б.
2. Ахмед әл-Хусайн «Нәшәту истишрақ уә марахилуху», Египет, иман баспасы 25-30 б.
3. Н.Ақиқи «Мусташриқун», Египет-1964, дарул мариф баспасы, 234 б.
4. Мустафа Сibaғи «Иштишрақ уәл мушташриқун», Кувейт, дарул бәйән, 1968ж. 50 б.

УДК 001.1

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ФИЛОСОФСКОГО ИЗМЕРЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Самархан Гульмира Канатовна

girl_1512@mail.ru

Магистрант специальности «Философия» факультета социальных наук ЕНУ им.

Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ғарифолла Есім

Информационная безопасность приобретает все большее значение для отдельных лиц, общества в целом и национальных государств. Однако этические и социальные аспекты информационной безопасности не совсем ясны до сих пор.

С ростом использования Интернета во всем мире и ростом «цифрового поколения» будущая эволюция этой области становится важной с философской, политической и правовой точек зрения. Ключевым аспектом является описание такого цифрового общества, которое мы хотим видеть. Следовательно, эволюция Интернета и его безопасность ставят новые вопросы для социальной философии, этики, личной идентичности.

Э. Гидденс, как и У. Бек, отмечают, что в современном обществе обеспечение безопасности человека определяется минимизацией рисков, т.к. человек окружен технологическими и социальными рисками. Если риски выходят из-под контроля государства, то под угрозу попадает онтологическая безопасность личности [1,2].

Каждое действие, которое человек принимает, оставляет след информации, которая может быть записана и сохранена для будущего использования. Например, возможно использовать простую технологию хранения подробного дневника, перечисляющего все то, что человек делал и думал в течение дня. Но сегодня возможно усилить это, еще более подробно посредством передовых информационных технологий. Например, экономические транзакции, GPS-маршрут, список всех веб-адресов, которые посетили, и сведения о каждом из найденных онлайн-поиска и т.д.

Когда человек проходит этот мысленный опыт, можно наблюдать сложный след данных, которые генерируются каждый день, и как эти же данные могут собираться и храниться при использовании информационных технологий. Поскольку сбор данных становится более автоматизированным и непрерывным, мы должны спросить, кто контролирует эти данные, что с ним делать и кто будет обеспечивать его точность.

Например, какие фрагменты информации должны быть преданы гласности, которые принадлежат частным лицам и которым должно быть разрешено стать собственностью третьих сторон, таких как корпорации? Возникают вопросы производства, доступа и контроля информации, которые находятся в центре моральных проблем, связанных с использованием информационных технологий.

Информационные технологии заставляют переосмыслить простое понятие конфиденциальности в более сложных аспектах, которые отмечаются как преимущества, так